

Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарын жоюдың 40-жылдығына орай Алға ауданының мұқтаж азаматтарының санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

Ақтөбе облысы Алға аудандық мәслихатының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 407 шешімі

Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 33-бабының 1 тармағының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына және "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6, 8 баптарына сәйкес, Алға аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Чернобыль атом электр станциясындағы апат салдарын жоюдың 40-жылдығына (26 сәуір 2026 жыл) орай Алға ауданында тіркелген және тұрақты тұратын келесі санаттағы азаматтарға 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілсін:

1) 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;

2) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балалары;

3) Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасылары;

4) сәуле ауруының салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасылары;

5) 1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні кұрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар.

2. Біржолғы әлеуметтік көмек "Алға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен алушылардан өтініштер талап етілмей "Азаматтарға арналға үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облысы бойынша филиалының тізімдеріне сәйкес көрсетіледі.

3. Алға ауданының жергілікті бюджеті қаржыландыру көзі болып анықталсын.

4. Осы шешім оны алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алға аудандық
мәслихатының төрағасы*

М. Тулеуов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК